



Мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің 10.02.2025 жылғы 01-03/180 хатының негізінде аудандық «Математикалық регата» олимпиадасы Құлан шағын орталықты мектеп-гимназия базасында өтетіндігі туралы хабарлайды.

Олимпиаданың мақсаты-педагогтың кәсіби әлеуетін арттыру, озық тәжірибиені анықтау.

Осыған орай олимпиадаға әр мектептен 1 математика пәні мұғалімі қатыса алады. Олимпиадаға қатысатын педагог туралы сұранысты 2025 жылдың 18 ақпанына дейін үлгіге сәйкес аудандық білім бөліміне ұсыну қажет.

Ескерту: Олимпиада ережесі Қосымша 1 (2 бет);

Сұраныс үлгісі Қосымша 2 (1 бет).

Өтетін мерзімі: 2025 жыл, 21 ақпан.

Уақыты: 9:30

/ **Басшы**



М.Сванов

*Орындаған: Ш.Толымбетова
87789182471*

Аудандық математика пәні мұғалімдерінің «Математикалық регата» олимпиадасының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1.1. Аудандық «Математикалық регата» олимпиадасын (бұдан әрі – олимпиада) өткізу туралы Ережесі олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу және қатысу тәртібін, оның ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауын және олимпиаданың жеңімпаздарын анықтау тәртібін реттейді.

II. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты: педагогтің кәсіби біліктілігін арттыру.

2.2. Міндеттері:

- мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді анықтау, оларды қолдау және ынталандыру;
- мұғалімнің қоғамдағы имиджін қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- мұғалім мамандығының мәртебесін өсіру.

III. Олимпиаданың қатысушылары.

3.1. Олимпиадаға аудандық білім беру ұйымдарының барлық түрлері мен типтерінің физика пәні мұғалімдері қатыса алады.

IV. Олимпиаданы өткізу мерзімі мен кезеңдері.

4.1. Олимпиаданың аудандық кезеңі 21- ақпан күні өткізіледі.

4.2. Сұраныстарды қабылдау 14-18 ақпан аралығында жүргізіледі.

4.3. Олимпиаданың облыстық кезеңіне аудандық(қалалық) кезеңде I орын алған жеңімпаздар қатыса алады.

1-кезең(аудандық) – 21.02;

2-кезең(облыстық) – 26.02;

V. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5.1. Олимпиадада төрт түрлі тапсырма беріледі. Бірінші тапсырма - математикалық анализ негіздерінен немесе алгебрадан тұрады, екінші тапсырма – геометрия, үшінші тапсырма – логикалық, төртінші тапсырма - комбинаторлық немесе «сандық».

5.2. Әрбір кезең барлық тапсырмалардың жазбаша шешімінен тұрады.

5.3. Олимпиадаға 70 астрономиялық минут ұсынылады:

I кезең тапсырмаларына-10 минут;

II кезең тапсырмаларына-15 минут;

III кезең тапсырмаларына-20 минут;

IV кезең тапсырмаларына-25 минут.

5.4. Олимпиада нәтижелері хаттамамен рәсімделеді.

5.5. Олимпиада барысында калькулятор, ұялы телефондарды, басқа да байланыс түрлерін пайдалануға тыйым салынады.

5.6. Олимпиадаға соңғы 2 жылдағы жеңімпаздар жіберілмейді.

VI. Олимпиада жүлдегерлері мен жеңімпаздарын анықтау тәртібі.

6.1. Әр қатысушының алатын максималды ұпайы 90 (тоқсан) ұпайға тең.

6.2. Бірінші тапсырмаға 18 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген есепке алты ұпайдан):

Екінші тапсырмаға 21 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген есепке жеті ұпайдан):

Үшінші тапсырмаға 24 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген есепке сегіз ұпайдан):

Төртінші тапсырмаға 27 ұпай ала алады (яғни, әрбір дұрыс шешілген есепке тоғыз ұпайдан).

6.3. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

VII. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті мен сараптау комиссиясы

7.1. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізуді аудандық ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті).

7.2. Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды атқарады:

- олимпиада қатысушыларының тәртібін бақылайды;
- олимпиада тапсырмаларының сараптау критерийлерін әзірлейді;
- олимпиада қатысушыларына тапсырмалар әзірлейді;
- олимпиаданың қатысушыларының құрамын анықтайды және олимпиада нәтижелерін техникалық өңдеуді жүзеге асырады;

- қорытындысын шығарып, марапаттау рәсімін ұйымдастыруға қағысады;

- олимпиаданы өткізу күні мен орнын, тәртібін анықтайды.

7.3. Олимпиаданың қорытындысын шығару үшін сараптау комиссиясы құрылады. Сараптау комиссиясының құрамын ұйымдастыру комитеті анықтайды.

| № | Аты-жөні | Ауданы, мектебі | Бітірген оқу орны, жылы | Сапаты | Еңбек отілі | Оқыту тілі | Байланыс телефоны |
|---|----------|-----------------|-------------------------|--------|-------------|------------|-------------------|
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |